

7. "Copyright Registration Guidance for Works Containing Material Generated by Artificial Intelligence" (2023). [Официальный документ на Federal Register]. <https://www.federalregister.gov/documents/2023/03/16/2023-05321/copyright-registration-guidance-works-containing-material-generated-by-artificial-intelligence>

8. Анна Арбузова. "Первая в мире заочная VR-школа открывается в Японии" (2024) [Статья на RBC]. <https://trends.rbc.ru/trends/social/65aa62f79a794767485963c3>

9. Frater, Patrick. "SXSW 2019: Japan's NHK Blends 1964 Olympic Footage with VR for 'Time Machine'" (2019). [Статья на Variety]. <https://www.variety.com/2019/digital/asia/sxsw-japan-nhk-olympic-vr-tokyo-1203150688/>

10. "Информационные агентства обсуждают в Токио новые способы передачи информации" (2024) [Статья на AZERTAG]. <https://www.azertag.az/ru/xeber/informacionnyye-agentstva-obsuzhdayut-v-tokio-novyye-sposoby-peredachi-informacii-2943027>

УДК 32:316.37(070)

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҒЫНДА ЖУРНАЛДАРДА ҚОЗҒАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ ("ЖЕНЩИНЫ: ВОСТОК И ЗАПАД", "АҚИҚАТ" ЖУРНАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Бахтиярқызы Жамиля

u.b.zhamilya99@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, "Халықаралық журналистика"

мамандығы бойынша магистрант, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Е.Тапанова (ф.ғ.д., профессор)

Андапта

Әйелдер мәселесі егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап өзекті тақырыптардың біріне айналды. Коммунизмнің құрсауынан енді ғана арылып, ұлттық ерекшелігін қайтаруға тырысқан ел үшін әйел, қыз, ана сияқты қадірлі есімдердің де мәртебесін көтеру маңызды болды. Әйелдерге коммунизмнің белсенді құрылысшысының қамытын кигізіп, қара еңбектің адамы еткен сол жүйенің қалыптасқан айналымын бұзып, қазақы дәстүр бойынша, жаратылысы нәзік әйелді тек жұмысшы тап ретінде емес, ошақ анасы, отбасы ұйытқысы ретінде көрсету үшін де әйел тақырыбы баспасөзде жиі қозғалды. Ал олардың тақырыптық ерекшеліктеріне, мәселені қозғау дәрежесіне баға беру үшін терең зерттеу қажет. Себебі әйел затына қатысты әлеуметтік мәселелер қазіргі күні де жоқ емес. Олардың тарихи мәнін, өрістеу және шешілу дәрежесін анықтау мақсатында сол жылдарда жарыққа шығып, бұқараға кеңінен таралған журналдарға зерттеу жасап көрдік.

Кілт сөздер: әйелдер мәселесі, әйел тақырыбы, гендерлік теңдік, гендерлік саясат, тұрмыстық зорлық-зомылық.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында әйел тақырыбын баспасөзде жаңғырту мақсатында Отандық БАҚ-та орын алған ең үлкен жаңалық – "Женщины: Восток и Запад" журналының жарыққа шығуы. 1999 жылдан бастап таралған журналдың басты мұраты – әйелдер мәселесінің шешілуіне серпін беру, баспасөз арқылы қоғамға еңбегі сіңіп жүрген әйелдермен оқырманды таныстыру, тек әйел тақырыбын қозғауға бағытталған арнайы журнал жасау. Журнал беттерінде алғашқы кезде қозғалған мәселелер елдегі экономкалық

тұрақсыздықтың нәтижесінде өршіген жұмыссыздық пен әйелдердің құқығын қорғау төңірегінде болды. 1999 жылдың 11-шілдесінде жарыққа шыққан журналдың бірінші бетінде “ҚР әйелдерінің жұмыспен қамтылуы” (“Занятость женщин в РК”) деген атпен көлемді мақала жарияланды [1]. Мақала авторы – ҚР Статистика агенттігінің талдау және конъюнктуралық зерттеулер басқармасының басшысы Г.К.Султанбекованың айтуынша, экономикалық реформалаудың нәтижесінде әсіресе әйелдердің арасында жұмыссыздық көрсеткіші өскен. 1999 жылдың бірінші ақпанында көрсетілген мәлімет бойынша елдегі жұмысқа қабілетті азаматтардың 45,6% әйелдер, яғни сол жылы 3 млн.-ға жуық әйел жұмыс жасауға қауқарлы болған. Бұл Орталық Азиядағы басқа елдермен салыстырғанда үлкен көрсеткіш болатын. Алайда, автордың сөзінше, саяси әрі экономикалық маңызы бар шешімдер шығарар кезде үкіметтегі әйелдердің үлесі төмен болған. Ал жұмыссыз жүрген әйелдердің статистикасы жыл өткен сайын төмендеген: 1993 жылы 2,7 млн. адамнан 1997 жылы 1,5 млн. адамға дейін. Және жаппай қысқартудың нәтижесінде 60% әйел жұмыссыз қалған. Нәтижесінде бұл мәселенің шешімі ретінде әйелдер арасында “шоп-турлар”, яғни шет елден киім тасымалдау мен сауда-саттық көбейген. Алайда саудаға кеткен әйелдердің көбі жоғары білімі бар, ұстаздық, ғылыми және инженерлік блокта қызмет еткендер. Дәл осы мәселе журналдың 2000 жылғы қаңтар айында жарыққа шыққан санында сол кездегі Қазақстанның Үкімет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Жиырма бірінші ғасырда әйел құқығы кеңейеді” деген тақырыппен жарияланған көлемді сұхбатында талданады [2]. Сұхбаттан әйелдердің билікке келуіне қатысты үкімет басшысының көзқарасы онды болғанын және сол жылдары елдегі гендерлік саясаттың жаңаша бағыт алғанын байқаймыз. Қ.Тоқаев бірнеше жыл қатарынан Түркияның Үкіметін басқарған Тансу Чиллер, мұсылман елдерінде алғашқы Үкімет басшысы атанған Беназир Бхутто сияқты саясаткер әйелдерді мысалға ала отырып, біздің елде де жағдай оңалап келе жатқанын атап өтеді. Сонымен қатар, сұхбатта әйелдер көбірек қатынасатын жеке кәсіпкерлікке үкімет тарапынан қолдау көрсетілетінін және де жағдайы төмен обасыларға көмек жасалатынын айтылады. Ал “2000-2002 жылдарға арналған ҚР Үкіметінің бағдарламасында” әйелдердің саяси-экономикалық дамуына, денсаулығы мен қоғамдағы дискриминациясы мен зорлық-зомбылыққа қарсы әрекеттер қамтитын арнайы бағдарламалар дайындалатынын жеткізеді. Бұл журналда көтерілген мәселенің бір бөлігі ғана.

“Женщины: Восток и Запад” журналын зерттей келе зорлық-зомбылық мәселесінің қай кезеңде де аса өзекті болғанын байқаймыз. Мәселен 1999 жылғы журналдың бесінші нөмірінде “ЮНФПА - жұмыс жасауда” деген тақырыппен жазылған шағын ғана мақалада зорлық-зомбылыққа байланысты нақты статистиканың жоқ екенін және бұл мәселенің шұғыл шешілу қажеттігі жазылады [3]. ЮНФПА БҰҰ-ның “әрбір жүктілік маңызды, әрбір босану қауіпсіз және әрбір жас адам өз әлеуетін жүзеге асыра алатын әлемді құру” жөніндегі жетекші агенттігі екенін білеміз. Аталған агенттік әртүрлі елдерге әйелдер мен жастардың репродуктивті денсаулығы мен құқықтары қорғалатын даму орталықтарының болуын қамтамасыз ету үшін техникалық көмек көрсетеді. Агенттіктің ресми сайтында: “Гендерлік теңдік үшін күрес жалғасуда және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық жаһандық пандемия болып қала береді. Деректерге сәйкес, әрбір үшінші әйел өз өмірінде физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. ЮНФПА директивалық органдармен, сот төрелігі жүйелерімен, Денсаулық сақтау ұйымдарымен және гуманитарлық серіктестермен жұмыс жасау арқылы жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және азайту бойынша жұмыс істейді”, - деп жазылған [4]. Бірақ бұл зорлыққа қарсы әрекеттерді қамтитын тәуелсіз ұйым ғана, ал сол жылдары мемлекет тарапынан қандай әрекеттер жасалғанын журналдың дәл сол санында жарық көрген “Зорлық” (“Насилие”) атты проблемалық мақаладан көреміз [5]. Журналист Гульсара Тленчиева әйелдерге қатысты физикалық, психологиялық әрі сексуалдық зорлық-зомбылықты жеке-жеке қарастыра отырып, мынандай деректер ұсынады: “мамандардың

айтуынша, елдегі зорланған әйелдердің саны 20 мыңнан асады және жас ерекшелігіне қарамастан, 400 әйелдің біреуі зорлыққа ұшырайды, әр үш отбасының бірінде әйел физикалық әрі сексуалды зорлық көреді, ал жалпы зорлық-зомбылықтың 24% жұмыс барысында, яғни қызметкерлердің арасында орын алады”. Осындай статистикалық мәліметті ұсына отырып, журналист бұл мәселенің шешімі ретінде жаңа заң жобасының жасақталу қажеттігін және БАҚ арқылы бұл мәселе жиі айтылып, халықтың хабардар болу қажет екенін жазады. Сондай-ақ, мақаладан сол жылы елде зорлық-зомбылықпен күресетін бірде-бір орталық болмағанын байқаймыз. Бұл мәселенің өзекті болғаны әрі қоғамда жиі талқыланғаны да белгілі. 2001-жылдың қазан айында жарыққа шыққан журнал санында “Бүкіл қоғамның дерті” атты мақалада да Мемлекеттің әйелдерге жайлы әрі қауіпсіз қоғам қалыптастыру тиісті екені жазылды. Әйелдердің құқығын қорғайтын Конвенцияның да басты мақсаты осы. Мақалада жоғарыда аталған ЮНФПА-ның басшысы Аида Альжанова ҚР Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның жоспары бойынша да төртінші Бүкіләлемдік конференцияның (Пекин, 1995 ж.) іс-әрекет Платформасын іске асыру бойынша жұмыстар атқара бастағанын айтады. Олар нақты төрт мақсатты көздейді: саяси үрдістерге әйелдердің қатынасуы, оларға экономикалық қолдау көрсету, әйелдердің және отбасылардың денсаулығына қамқорлық жасау, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою. Сонымен қатар, мақаладан аталған жылы “Қазақстандағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты зерттеу” атты үлкен жоба қолға алынғанын байқаймыз. Бұл жоба арқылы зорлықтың туу себептері мен олармен күресу жолдарын зерттеу көзделген. Және де Аида Альжанова зорлықтың алдын алу мен онымен күресу мақсатында Алматы қаласында “Қамқорлық” атты кризисті орталық ашылғанын хабарлады. Осындай мақалалардан 2000 елдегі әйел құқығы үшін айтарлықтай қадамдар жасалып, оны баспасөз де өз дәрежесінде көтеріп, халықты хабардар еткенін байқадық. Тәуелсіздіктің онжылдығын қорыта келе, мына бір мақалаға көзіміз түсті: журналдың 2001 жылы маусым айында шыққан санында ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мен ҚР Ғылым академиясының ұйымдастыруымен “Қазақстан әйелдері: тәуелсіздік жағдайындағы он жыл, 21 ғасырға көзқарас” атты конференцияның ұйымдастырылғаны жөнінде ақпарат берілді [6]. Сол кездегі Ұлттық академияның басшысы Н.А.Айтхожинаның айтуынша, конференцияда тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығына әйелдердің құқығын қорғау бойынша жасалған жұмысқа баға беріліп, елдегі үкіметтік, үкіметтік емес әрі қоғамдық ұйымдардың барлығы гендерлік теңдікті ұстануы қажет екені жөнінде қарар қабылданды. Бұл қарар бойынша әйелдер елдің экономикалық әрі саяси жұмыстарына араласуға құқылы.

Жоғарыда қарастырылған баспасөздің 1991 жылдан бергі шығарылымдарына талдау жасау арқылы ел егемендігінің алғашқы он жылдығында әйелдер мәселесі жеткілікті дәрежеде жазылғанына көз жеткіздік, бірақ оның жиілігі мен маңыздылығына баға бере алмаймыз. Алайда аталған тақырыптың тарихи эволюциясына салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, жыл өткен сайын әйел тақырыбы жиі қозғалып, оған үлкен маңыз берілгені байқалады. Сөзімізді дәйектеу үшін “Ақиқат” журналының 2003 жылы жарыққа шыққан төртінші нөміріндегі “Қыр қыздарының қамқоры” атты мақалаға тоқталып өтейік [7]. Мақала авторы Сарбас Ақтаев Алаш қайраткерлерінің, соның ішінде Смағұл Садуақасовтың әйел теңдігі жолында атқарған еңбегін талдайды. Мақаладан әйел мәселесін баспасөзде жазудың бастау көзі жиырмасыншы ғасырдың басынан, яғни, Алаш қозғалысының жаңғыруымен байланысты екенін байқаймыз. Әсіресе “Айқап”, “Дала уәлаяты”, “Қазақ” сынды алғашқы қазақ баспасөзінде әйел құқығы мәселесін қамтитын мақалалар жиі жазылады. Бұл тақырыпты мақалаға ғана емес, әдебиетке де арқау еткен тұлғалардың бірі – Смағұл Сәдуақасов. Ол мүше болған Алаш партиясының бағдарламасында да “Әйел мәселесі” атты арнаулы бөлімі болған. Бұл бөлім тоғыз

ережеден тұрады: әйелдер саяси құқықта ерлермен тең болсын, күйеуге тию еркі әйелдің өзінде болсын, қалың мал жоғалсын, 16-ға толмаған қызға құды түсу болмасын, 16-толмаған һәм 18-ге толмаған жігітке молда неке қимасын, молда неке оқырда әйел мен еркекті қарама-қарсы қойып, ризашылықтарын біліп алсын, тұл қатын сүйгеніне тисін, әменгерім деп зорлық қылу болмасын және т.б. Байқауымызша, гендерлік теңдік тақырыбы, әйел қауіпсіздігі, құқығы мен таңдау еркіндігі сол кезеңде қозғала бастады. Смағұл Садуақасов қазақ қыздарының ғана емес, жалпы шығыс әйелінің құқығын қорғауға мол үлес қосты. Мәселен, мақалада жазылған дерек бойынша ол 1920 жылы дарыққа шыққан “Жизнь национальностей” атты журналдың 32-санында “Шығыс ұлттары жастарының бүкіл ресейлік бірінші мәслихаты” атты мақаласында әйел құқығы жайлы былай жазады: «Съезд шығыс әйелдерінің теңсіздік жағдайына қарсы барынша батыл күрес ашып, олардың көзқарасында толық төңкеріс жасауды мақсат етіп, алғашқы кезде бұл мәселеге абайлап қарап, айрықша әйелдер секцияларын ұйымдастыруды күн тәртібіне қойды». Ал 1921 жылы “Комуннатор” газетінде жарияланған “Қазақтарда қалың малды жою” атты мақаласында: “Соңғы он жылда қазақ баспасөзінде қалың мал жайында көп айтылды. Қалың мал ұлттық кесел болып қана қоймай, ол қазақ кедейлері мен еңбекшілерін қанаудың құралына айналып, үйленуді адамның мал-мүлкіне тәуелді етіп қойды. Бай қазақтың бірнеше әйел алуға мүмкіндігі болды да, кедей бейшараның қырыққа дейін бойдақ жүруіне тура келді. Сөз жоқ, бұл жағдай қазақ халқының күллі қоғамдық өміріне кесір келтірді”. Осы деректер арқылы біз әйел теңдігі бір ғасыр бұрын да баспасөз бетінде жиі жазылғанына көз жеткіземіз. Және бұл мақалаларда нақты мәселе, оның шешілу жолы мен қоғамға тигізер кесірі жайлы да мағлұмат берілген.

“Ақиқат” журналын зерттей келе журналдың 2004 жылғы үшінші нөмірінде 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай “Әйел табиғаты” атты мақалаға назар салдық [8]. Мақала авторы Зада Бекмұрат әйел табиғатын оның шығармашылық әлеуеті, табиғи болмысы мен ішкі мәдениеті арқылы ашуға тырысады. Өткен мен бүгінді саралай келе қазақ әйелдерінің образын оқырманға ұсынады. Мақаладан қазақ әйелдерінің теңдікке қалай қол жеткізіп келе жатқанын тарихи деректер арқылы біле аламыз. “Әйелдер шығармашылығы туралы баспасөз бетінде құнды пікірлер айтылып, кітаптар басылып, жүйелі зерттеулер жолға қойылып келеді. Өйткені, жаңа дәуір ағысымен әлемдік әйел шығармашылығы дәстүрлі арна ретінде жан-жақты танылып отыр. Бұл мәдени арна әйел мен ер арасындағы қарама-қайшылықты, әйел санасының өзіндік белгісін көрсетіп қана қоймайды. Мұнда әйел шығармашылығы өз заманы үшін жаңа әйел тұлғасының өзін-өзі актуаландыру идеясын қойып отыр”, - дей келе автор әйелдердің қоғамдағы орнын айғақтайды. Оның пайымдауынша, бүгінгі әйелдердің қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігі артып, олардың сана-сезімі, ақыл-ой дәрежесі жаңа бір сатыға көтеріліп отырған шақта әйел арманы орындалып, әйел мәселесі жан-жақты шешілген тәрізді. Алайда, “біз бұрынғыша қалыптасқан – тек ерлер ғана өз “әлемін”, қабылетін таныта алады, әйел о бастан нәзік тіршілік иесі ретінде қалыптасқандықтан ер қоғамы орнақтан “ережені” ұстану шеңберінен аспау деген стереотиптерге әлі де бағынып келетін сияқтымыз”, - деп, әйел теңдігі әлі де өзекті екенін жазады. Дәл осы ой “Ақиқат” журналының 2004 жылғы бесінші нөмірінде басылған “Әйел және қоғам” атты мақалада жалғасады [9]. Проблемалық мақаланың авторы Шырын Құрманбаева әйелдердің биліктегі үлесі мен қоғамдағы орнын саралай келе, өткенге шегініс жасап, Кеңестік кезеңдегі жағдайды әрі егемен Республиканың қазіргі көрсеткішін салыстырмалы түрде талдайды. “Мемлекеттік саясаттағы гендерлік проблеманы енгізу нәтижесі жоғары білімді әйелдердің санының өсуімен сипатталады. Мәселен, 1939 жылы халық шаруашылығында 1000 әйелдің алтауы жоғары білімді болса, 1959 жылы бұл цифр – 29, 1970 жылдары – 55, 1979 жылы – 91 болған...” -дей келе, әйелдердің сауаттылық деңгейі де белгілі бір тарихи өсім жасағанымен, саяси-экономикалық үдерістерге араласуы айтарлықтай дәрежеге жете алмағанын жазады. Оның пікірінше, Кеңестік кезең тарихының басты ерекшелігі –

әйелдердің әлеуметтік позициясына саяси қолдау көрсетуде эгалитаризм, яғни құқық пен мүмкіндіктер теңдігі идеологиясы жетекшілікке алынған. Әйелдерді билікке қатыстыру XX ғасырдың 50-60 жылдарында кеңінен өрістеді. Алайда, партиялық-шаруашылық, қоғамдық-саяси басқару аппаратына әйелдерді көтеру ісі өте төменгі деңгейде жүргізілді. 1989 жылы басшылық қызметтегі әйелдердің үлес салмағы 4,8 пайыз болды. Осылайша, өткен ғасырдың көрсеткіштерін дәйектей келе мақала авторы егемен Қазақстанның сол кездегі биліктегі гендерлік әлеуетіне былайша баға береді: “Егемен Республикамыздың тұңғыш Конституциясының қабылдануы сайлау жүйесінің мүлдем жаңа кезеңін тудырды десек те, 1994 жылғы сайлаудың нәтижесі бойынша, 13-шақырылған ҚР Жоғары Кеңесінің 176 депутаттары арасында әйелдер Кеңесі ұйымдарының 3 мүшесі болды. Бүгінде Парламент депутаттарының арасында әйелдер небәрі 11 пайызды құрайды. Еліміздің Парламенттік корпусы, билік құрылымдарында негізінен ер-азаматтар отыр. Министрлер мен вице-министрлер арасындағы әйелдер саусақпен санарлық ғана”. Нәтижесінде әйелдердің жұмысқа араласуы тек билік шеңберінде емес, жалпы жұмыссыздық барлық салада да басым.

Әйелдер мәселесін екі журнал аясында талдай отырып, көтерілген мәселелердің тақырыптық ерекшелігін осылайша жіктеуге болады: жұмыссыздық, гендерлік теңсіздік, декриминализациялау нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткішінің өсуі және т.б. Жазылған мақалалардың мазмұндық ерекшеліктеріне келсек, кейбір мақалалардан саяси астары, яғни оқырманды жағдайдың түзелетініне «сендіру» идеологиясы байқалады. Алайда мемлекеттік саясат пен әйел тақырыбы төңірегіндегі саяси реформалардың әлсіздігін сынаған да мақалалар жоқ емес.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Султанбекова Г.К. Занятость женщин в РК // Женщины: Восток и Запад, шілде, 1999.
2. Жумашева Б. В XI веке права женщин значительно расширятся// Женщины: Восток и Запад, қаңтар, 2020.
3. Альжанова А. ЮНФПА – в действии // Женщины: Восток и Запад, шілде, 1999.
4. <https://kazakhstan.unfpa.org/ru/>
5. Тленчиева Г. Насилие // Женщины: Восток и Запад, 1999.
6. Гендеру – внимание общества // Женщины: Восток и Запад, қазан, 2001.
7. Ақтаев С. Қыр қыздарының қамқоры // Ақиқат, сәуір, 2003.
8. Бекмұрат З. Әйел табиғаты // Ақиқат, наурыз, 2004.
9. Құрманбаева Ш. Әйел және қоғам // Ақиқат, мамыр, 2004.

ӘОЖ 070(574.22)

**ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘДЕНИ МЕДИАОБРАЗЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**